| Білім беру саласы: | Денсаулық-3<br>Дене шынықтыру-3 | Қатынас -2,5<br>Сөйлеуді дамыту-1<br>Көркем әдебиет-1<br>Орыс тілі-0,5 | Таным-2,5<br>Математика негіздері-1<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1 | Шығармашылық-3,5<br>Музыка-1,5<br>Сурет салу-1<br>Мүсіндеу-0,5<br>Жапсыру-0,5 | Әлеумет-0,5<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып: | **Өтпелі тақырып «Салт- дәстүрлер және фольклор»**<br>**Мақсаты:** қазақ халқы тұрмысының салт дәстүрлері мен ерекшеліктері туралы түсініктер беру, бала тұлғасының рухани адамгершілік негіздерін қалыптастыру, эмоциялар, сезімдер, ойлауды, қоғамда әлеуметтік бейімделу механизмдерін дамыту, балаларды төзімдікке, ұлты және дінге шыдамдылық рухында тәрбиелу. | | | | |
| Жасы | **Ересек топ / 4-5 жас/ ІІ жарты жылдық** | | | | |
| Айы, жылы: | **Наурыз айы** | | | | |
| Оқу мақсаты: Үлгілік оқу бағдарламасы | Денсаулық сақтау технологиясын колданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыруболып табылады. | Ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс- тілін және басқа тілдерді үйрету, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігін және бастамашылдық танытуын дамыту болып табылады. | Коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады. | Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады. | Ересектермен және құрдастарымен қарым- қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **I апта** | **1.Дене шынықтыру»** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Анама сыйлық (әңгіме құрастыру)<br>**Мақсаты:** Өз аналары туралы әңгіме құрастыра алады. Аналарын ренжітпейді,сыйлайды, тыңдайды.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Менің әжем» өлең Қ. Мырза Әли (жаттау)<br>**Мақсаты:** Өлеңді тыңдап, түсінігін айтады. Өлеңді жаттайды. Әжелеріне қамқор болады. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Реттік сандар туралы пысықтау. Солға, оңға<br>**Мақсаты:** 1-5 тура кері санайды. Солға, оңға ұғымдарын ажыратады. Сұрақтарға жауа береді.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Сылдырмақ<br>**Мақсаты:** Бөтелкеге түйме немесе дәнді салып,қақпағын жауып, аспап сылдырмақты жасай алады. Өздері жасаған аспаппен ойнайды.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Көктем кереметі. Бөртегүл (сирень)<br>**Мақсаты:** Бөртегүл өсімдігін біледі. Бір ай бұрын суға салынған бөртегүл бұтағын бақылайды. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Анама арналған моншақ<br>**Мақсаты:** Саусақтың көмегімен дөңгелету арқылы моншақты салады. Әртүрлі түстерді қолданады.<br><br>**Музыка**<br>*(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ІІ апта** | **1.Дене шынықтыру»**<br>(дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Ж», «Ш» дыбыстары<br>**Мақсаты:** «Ж», «Ш» дыбыстарын дұрыс, таза айтады. Осы дыбыстар кездесетін сөздерді біледі. Сөйлем құрастырады.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Әшекей бұйымдары<br>**Мақсаты:** Ұлттық зергерлік бұйымдарды біледі. Аттарын айтады, ажыратады.<br><br>**Орыс тілі**<br>*(орыс тілі пәні мұғалімінің жоспары бойынша)* | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Санның заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігі.<br>**Мақсаты:** 1-5 тура кері санайды. Геометриялық заттарды салыстырады.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Бөлме өсімдігі хош иісті. Қазтамақ<br>**Мақсаты:** Қазтамақ бөлме өсімдігін таниды. Өсімдіктің сабағын, жапырағын, гүлдерін күтіп баптайды. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Оюлы тақия<br>**Мақсаты:** Тақияны оюлы трафаретпен әшекейлей алады. Ою өрнектерді біледі.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Әдемі кесе<br>**Мақсаты:** Ұлттық ағаш ыдыстар туралы біледі. Кесені мүсіндей алады. Ою өрнекпен әшекейлей біледі.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:** Сәукелені әшекейлейміз<br>**Мақсаты:** Ұлттық баскиім атауларын біледі. Сәукелені ою өрнекпен әшекейлейді.<br><br>**Музыка**<br>*(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)*<br>**бөліктерді біріктіре алады.** | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Қазақтың ұлттық киімдері<br>**Мақсаты:** Ұлттық киімдерді біледі. Қазіргі киіммен салыстырады, әңгімелеп береді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **III апта** | **1.Дене шынықтыру»** (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Наурыз думан<br>**Мақсаты:** Жыл басы Наурыз мерекесін біледі. Наурыз жыл басы , көктемнің алғашқы мерекесі екенін айтады.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Бесік жыры<br>**Мақсаты:** Бесікке салу салт дәстүрін біледі. Қуыршақты бесікке салып, бесік жырын айтады. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Реттік сандар туралы пысықтау. «Жоғары», «төмен», «арасында» ұғымдары.<br>**Мақсаты:** 1-5 тура кері санайды. «Жоғары», «төмен», «арасында» ұғымдарын ажыратады. Ұзындығы бойынша бес затты салыстырады, сәйкестендіреді.<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** Қамшы (ұжымдық)<br>**Мақсаты:** Таяқшаға жіпті өріп қамшыны жасай алады. Ұжыммен жұмыс жасай біледі.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Дәмді наурыз көже<br>**Мақсаты:** Ұлттық тағам наурыз көженің жасалу жолын біледі. 7 санның мағынасын айтады. | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Торсық<br>**Мақсаты:**. Торсықты қошқар мүйіз ою трафаретпен безендіреді. Тазалық гигенасын сақтайды.<br><br>**Музыка**<br>*(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| IVапта | 1.Дене шынықтыру» (дене шынықтыру нұскаушысының жоспары бойынша | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Көктем (мнемотаблица )<br>**Мақсаты:** Мнемотаблицаны қолданып көктем мезгілі туралы әңгіме құрастыра алады. Сурет бойынша жұмыс жасай біледі.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы**: Көктем өрнегі<br>**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы біледі. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айтады.<br><br>**Орыс тілі**<br>*(орыс тілі пәні мұғалімінің жоспары бойынша)* | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** 1-5 сандары. Математикалық жұмбақтар<br>**Мақсаты:**.Көрші сандарды айтады. Математикалық жұмбақтың шешуін табады. Затпен санды сәйкестендіреді.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Қардың еруін бақылау<br>**Мақсаты:** Қардың еруін бақылап,, өз ойларын айта алады. Неге, қалай деген сұраққа жауап береді. Қауіпсіздік ережесін сақтайды | **Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Ағаштар бүршік жарғанда<br>**Мақсаты:** Акварель бояуымен бүршік жарған ағашты бейнелей алады. Табиғатқа тән түстерді қолданады.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Сәмбі бұтағы<br>**Мақсаты:** Құмыра үшіне салынған сәмбі бұтағының бұршақтарын ақ ермексазбен мүсіндей алады.<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы**: Көктем (умаждау тәсілі)<br>**Мақсаты:**.Су, тау,бүршік жарған ағашты қағазды умаждау тәсілімен жапсыра алады. Қол, саусақ жаттығуларын жатқа айтады.<br><br>**Музыка**<br>*(музыка жетекшісінің жоспары бойынша)*<br>бөліктерді біріктіре алады. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** Бұл қай кезде болады?<br>**Мақсаты:**. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін біледі. Көктем мезгілінің табиғаттағы өзгерістерін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күтілетін нәтиже: Үлгілік оқу бағдарламасы** | | «Ж», «Ш» дыбыстарын айтады<br><br>Өлең жолдарын жатқа айтады<br><br>Мнемоталицаны қолданып әңгіме құрастырады<br><br>Ертегіні сахналайды | 1-5 тура кері санайды.<br><br>Кеңістікті бағдарлайды қағаз бетіне орналыстыра алады<br><br>Қалдық бұйымдарды құрастырады<br><br>Өсімдіктермен жануарлардың өсіп-өнуін біледі | Ою өрнек трафареттерін қолданып сурет салады, мүсіндейді, жапсырады<br><br>Композиция құрастырады<br><br>Триз тәсілдерін қолданады | Ұлттық киімдерді біледі<br><br>Табиғаттағы өзгерістерді айтады. |
| **Индикаторлар мен күтілетін нәтижелер** | | дауысты,дауыссыз дыбыстар ды дұрыс айтады;<br><br>Ойында әдеби бейнелерді қолданады<br><br>театрландырылған әрекеттің түрлі жұмыс тәсілдерін меңгерген; | Өзінің құрылыстарымен ойнайды.<br><br>Өсімдіктермен жануарлардың өсіп-өнуіне қажетті кейбір жағдайларды біледі;<br><br>Тіршілік иелеріне аяушылық,жанашырлық танытады; | Мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерген;<br><br>Қазақ оюларының элементтерін қолданады.<br><br>Халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларынигерген;<br><br>Бейнелеу өнерінің түрлері: көркемсурет,мүсіндеу, халық өнері туралы түсініктерге ие. | Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатады. |